

ДИННОВАЦИЯ

# БАСТЫ МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУ

**Е**ліміздің болашағы, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметіндегі ба-  
сымдықтары мен ұлттық мүд-  
делерінің жүзеге асырылуы, ха-  
лықаралық аренадағы беделінің  
өсуі, ұлттық қауіпсіздігінің қам-  
тамасыз етілуі мемлекет алдын-  
дағы жоғарғы азаматтық жауап-  
кершілікке ие мамандарға байла-  
нысты, - деген еді ҚР Тұңғыш Пре-  
зиденті - Елбасы Н.Назарбаев ма-  
ман даярлау мәселесіне қатысты.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақса-  
тында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қа-  
зақстан университетінде Тоқыма және  
тамақ инженериясы жоғары мектебі құ-  
рылған болатын.

Қазіргі күні жоғары мектепте 1150 сту-  
дент, 30 магистрант және 11 докторант  
білім алады. Олардың 97 пайызы мемле-  
кеттік білім гранты негізінде оқиды.

Жоғары мектеп бакалавр бойынша  
В070 – «Тоқыма: киім, аяқ киім және  
былғары бұйымдары» білім бағдарлама-  
сымен, 6В07260 – «Тоқыма материалда-  
рының технологиясы және жобалануы»,  
6В07230 – «Жеңіл өнеркәсіп бұйымда-  
рының технологиясы және конструк-  
циялануы» мамандықтары және В068  
– «Азық-түлік өнімдерін өндіру» білім  
бағдарламасымен, 6В07250 – «Қайта өң-  
деу өндірісінің технологиясы», 6В07251  
– «Ұн-жарма өндірісінің технологиясы»,  
6В07252 – «Қантты заттар және қант-  
ты кондитерлік өнімдер технология-  
сы», 6В07241 – «Өсімдік майлары және  
майлар технологиясы», 6В07242 – «Сүт  
және сүт өнімдерінің технологиясы»,  
6В07243 – «Қоғамдық тамақтану өнім-

дерінің технологиясы» мамандықтары  
бойынша бакалаврлар және магистр-  
лер дайындайды.

Жоғары мектеп құрамында 120 жо-  
ғары дәрежелі оқытушы, оның ішінде  
5 ғылым докторы, 21 ғылым кандида-  
ты мен доценті бар. Мектепте үш тілдік  
бағдарлама, яғни, қазақ, орыс, ағылшын  
тілдерінде сабақтар жүргізіледі.

Шығармашылық қабілеттілікті дамы-  
ту мен қолдана білу қазіргі заман ма-  
манының зерттеуші, басқарушы және тәжі-  
рибеші болып қалыптасуына себепші  
болады. Жыл сайын мамандық пәндері  
бойынша Алматы технологиялық уни-  
верситетінде және өзімізде талантты  
және дарынды студенттерді айқындай-  
тын олимпиадалар өткізіліп тұрады.  
Осы олимпиадаларда студенттеріміз ал-  
ғашқы үштіктен көрініп жүр.

Жоғары мектептің ғалымдарының  
ерен еңбектері мемлекет тарапынан  
жоғары бағаланып, 7 ғалым «Жылдың  
үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты-  
на ие болды. Жоғары мектептің мате-  
риалдық-техникалық базасы заман та-  
лабына толық сай келетін аудитория-  
лар және құрал-жабдықтармен толық  
қамсыздандырылған.

2012 жылы мектебімізде тігін бұйым-  
дарын конструкциялау және киім дизай-  
ны бойынша экспериментальді өндіріс  
ашылды. Осыған сәйкес 32 млн теңге  
заманауи жабдықтар сатып алынды.  
Заманауи құрылғыларды игерген тү-  
лектер еңбек нарығында бәсекелестікке  
қабілетті болып қалыптасады, жұмыс-  
қа бірінші кезекте орналасады.

Білім және ғылыми зерттеу жұмыс-  
тары саласында жоғары мектеп кафедр-  
алары Ресей, Ташкент және Қазақстан-  
дағы жетекші оқу орындарымен қарым-  
қатынасты дамытып отыр.

Студенттер «Қайнар май» ЖШС,  
«Шымкентмай-Елдос» ААҚ, «Sigma Brau»  
ЖШС, «Azala Textiline» ЖШС, «Назар  
Текстиль» ЖШС, «Бал Текстиль» ЖШС  
өндірістерінде теориялық білімін прак-  
тикада ұштастырады. Онда студенттер  
оқу сабақтарын, практикалық жұмыста-  
рын және ғылыми зерттеу жұмыстарын  
жүргізеді, нәтижесінде жасалған ғылы-  
ми жаңалықтарын өндіріске енгізеді.

Академиялық ұтқырлық бойынша  
жоғары мектеп студенттері Түркия, Гер-  
мания, Ресей, Латвия, Италия, Бельгия,  
Польшадағы жоғары оқу орындарын-  
да I немесе II семестр бойы білім алу  
мүмкіндігіне ие.

Тоқыма және тамақ инженериясы  
жоғары мектебі – бұл Қазақстанның  
өсіп-өркендеуіне, дамуына үлес қоса-  
тын мамандарды даярлауда аянбай ең-  
бек етуде. Бүгінде мамандарымыз «Нұр»  
ЖШС, «ЭкоПродуктГрупп» ЖШС, «Рахат  
Шымкент» ЖШС, «Ладушки» ЖШС, «Тұ-  
тынушы» ЖШС, «Меланж» АҚ, «Azala  
Textiline» ЖШС, «Казпроэкс» ЖШС,  
«Джин-Текс» ЖШС, «Нимэкс» ЖШС,  
«Асық-Ата» мақта тазалау зауыттарында,  
«Назар Textile.kz» ЖШС және «Бал Textile  
kz» ЖШС табысты еңбек етуде.

**Г.КЕНЖИБАЕВА,**  
Тоқыма және тамақ инженерия-  
сы жоғары мектебінің деканы,

**Т.ТОҒАТАЕВ,**  
Тоқыма материалдарының  
технологиясы және жобалануы  
кафедрасының меңгерушісі,

**А.ЕШЖАНОВ., М.ҚАЛДЫКУЛОВ,**  
**Е.АСАНОВ,**  
кафедраның  
аға оқытушылары